

## 10-сынып

**1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.**

**1. Мәтін бойынша, ежелден қазақтар кімді қадірлеген?**

- a) жолаушыны
- b) басқа ұлтты
- c) немерелерді
- d) көршіні

**2. Қазақтар қандай қасиетті ерекше дәріптеген?**

- a) жалқаулық
- b) парасаттылық
- c) еңбекқорлық
- d) батылдық

**3. Бұл мәтінде қандай жоба туралы баяндалады?**

- a) «Елдің күші – бақытты жастар»
- b) «Елдің күші – бақытты көршілер»
- c) «Елдің күші – бақытты отбасы»
- d) «Елдің күші – бақытты қызметкер»

**4. Жобаға кімдер қатысады?**

- a) оқушылар, ұстаздар, басшылар
- b) ата-ана, балалары, көршілер
- c) көршілер, қызметкерлер, басшылар
- d) мұғалімдер, көршілер, балалар

**5. Жобаның негізгі мақсаты не?**

- a) ата-ана, балалар, көршілерді мәдени үндестікке шақыру
- b) ата-ана, балалар, көршілерді адами үндестікке шақыру
- c) ата-ана, балалар, көршілерді рухани үндестікке шақыру
- d) ата-ана, балалар, көршілерді тарихи үндестікке шақыру

**6. Мәтінде қандай халық мақалы аталды?**

- a) «Балалардың көңілі – айпақта, аналардың көңілі – айфонда»
- b) «Баланың көңілі – анада, ананың көңілі – айфонда»
- c) «Баланың көңілі – анада, ананың көңілі – далада»
- d) «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада»

**7. Көршісін ерекше сыйлағандығы қазақтың қай мақалынан көрінеді?**

- a) «Ауласы бірдің ауасы бір»
- b) «Қадіріңді білгің келсе, көршіңнен қарыз сұра»
- c) «Көрші хақысы – тәңір ақысы»
- d) «Көршілестің тауығы қаз болып көрінеді»

**8. Бұл шара неге үндейді?**

- a) Көршілерді бір-бірінен алыс ұстауға
- b) Көршілерді бір-бірімен танысып, араласуға
- c) Көршілерді бір-бірін тексеріп тұруға
- d) Көршілерді бір-бірінен қарыз сұрап тұруға

**9. Сөйлемді аяқтаңыз: Қазақстан халқы бай әрі бақытты өмір сүретін елге айналу үшін...**

**10. Мәтіннің мазмұнына сай келетін сөйлемді таңдаңыз.**

- a) Мәтіндегі шара Қазақстанның солтүстігінде, шығысында, оңтүстік шығысында жүзеге асты.
- b) Мәтіндегі шара Қазақстанның солтүстігінде, батысында, оңтүстік шығысында жүзеге асты.
- c) Мәтіндегі шара Қазақстанның солтүстігінде, оңтүстігінде, оңтүстік шығысында жүзеге асты.
- d) Мәтіндегі шара Қазақстанның батысында, шығысында, оңтүстік шығысында жүзеге асты.

**2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.**

**1. Бұл диалог кімнің арасында өтіп жатыр?**

- a) екі жолаушы арасында
- b) жолаушы мен ұшқыш арасында
- c) жолаушы мен әуе серігі арасында
- d) жолаушы мен ұшақ командирі арасында

**2. Ұшақта жолаушылар не білуі тиіс?**

- a) ұшақ жүргізу ережелерін
- b) ұшақта өзін ұстау ережелерін
- c) ұшақта тәртіп бұзу ережелерін
- d) ұшақты тоқтату ережелерін

**3. Ұшу барысында не істеуге болмайды?**

- a) арқан тартуға
- b) темекі тартуға
- c) домбыра тартуға
- d) ұйықтауға

**4. Жолаушы нені ілгектеуі керек?**

- a) белдемше
- b) белорта
- c) белдік
- d) қалтасын

**5. Жолаушы тағы ненің көмегімен қауіпсіздік сақтай алады?**

- a) күртеше
- b) кеудеше
- c) көйлекше
- d) шалбар

**6. Әуе жолаушылары қандай құралдарды пайдалана білуі тиіс ?**

- a) апаттық-сақтау
- b) апаттық-қалдыру
- c) апаттық-құтқару
- d) апаттық-апару

**7. Өзін-өзі құтқара білу үшін жолаушы немен таныс болуы керек?**

- a) жолда жүру ережелерімен
- b) жолаушылар талаптарымен
- c) жүргізу талаптарымен
- d) қауіпсіздік нұсқауларымен

**8. Ұшақтағы жолаушылар неден қорыққан?**

- a) тарлықтан
- b) биіктіктен
- c) ауа жоқтығынан
- d) кісі көптігінен

**9. Мәтінде қандай синоним сөздер кездеседі?**

- a) темекі, шылым
- b) қажетті, жоқ
- c) биік, төмен
- d) ыңғайлы, жайғасып

**10. Бұл рейс қай уақытта болған?**

- a) таңғы
- b) кешкі
- c) күндізгі
- d) түскі